



¹А.Н. Оразбек , ^{2*}С.А. Тулеубаева 

^{1,2}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
E-mail: anelya.oralbek.2003.ma@gmail.com, samaltu@mail.ru

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ АУҒАНСТАН ӘЙЕЛДЕРІ: ҚИЫНДЫҚТАР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР

Аннотация. Мақала Ауғанстандағы әйелдердердің жағдайына әсер еткен 2021 жылы «Талибанның» билікке оралуы мен одан кейінгі өзгерістермен келген көп салалы трансформацияларды кешенді талдауға арналған. Таяу Шығыс мемлекеттері арасында ауған әйелдерінің кейсі ең өзекті және ерекше үлгі болуы, зерттеуді бұрын соңды болмаған жаңаша қырлардан қарастыруды талап етеді. Жұмыстың мақсаты Ауғанстандағы гендерлік институттағы өзгерістерді анықтап, олардың қоғамға және келешектегі даму перспективаларына әсерін анықтап саралау. Сонымен қатар халықаралық көмектің тиімділігін анықтап талдау. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы жергілікті әйелдердің мәселесін тек гендерлік саясат ретінде ғана қарастырмай, құқықтану, психология, әлеуметтану салаларымен өзара байланысты кешенді талдау болып табылады. Мақаланың ғылыми жаңалығы «Талибан» билігін қазіргі кезеңдегі ауған әйелдерінің институционалды деңгейде гендерлік құқықтарының регрессиясын басқару тетігі ретінде талдау. Бұл үшін зерттеуде әйелдердің күнделікті өміріндегі қиындықтар мен шектеулер, қоғамдағы рөлі, денсаулық сақтау мен білім алу жүйелеріне қолжетімділігі, еңбек нарығындағы орны сараланады. Зерттеу жүргізу кезегінде тарихи-салыстырмалы аналитика, халықаралық ұйымдар есептерінің контент-талдауы қолданылды. Жұмыс нәтижелері ауған әйелдерінің гендерлік қысымға тап болуы, оларды эконимикалық тәуелділікке, әлеуметтік оқшаулануға, тереңдетілген ұзақ мерзімді психологиялық жарақаттарға алып келетінін көрсетеді. Қортындылай келе, мақала Ауғанстадағы әйелдер мәселесін ескеру, мемлекеттің даму перспективаларына деген тікелей байланысын және бұған жергілікті халық пен мемлекеттік емес ұйымдардың көмегі маңызды рөл атқаратыны айқындалады.

Кілт сөздер: адам құқықтары, Ауғанстан, әйелдер, әлеуметтік шектеулер, гендерлік саясат, гуманитарлық дағдарыс, халықаралық қолдау.

Кіріспе

Ауғанстандағы болып жатқан жағдай әлемнің назарынын тыс қала алмайды. «Талибан» қайта оралғаннан кейін мемлекеттің гендерлік саясаты түбегейлі өзгерген болатын. 2021-ші жыл жергілікті әйелдер мен қыздардың мәртебесін, құқықтық және әлеуметтік орнын және қоғамдағы мүмкіншіліктерін айқындады. Білім алу, денсаулық сақтау, жұмысқа орналасу секілді салаларға қол жетімділік шектеліп, гендерлік теңдік, сөз бостандығы, адам құқықтарына байланысты барлық нормалар жойылды десек-те болады. Әйелдер құқықтарының бұзылуы Ауғанстанда біраз уақыттан бері өзекті мәселе болып келгенімен, қазіргі уақытта жаңа реттеуші шектеулер енгізілуімен, жағдай ушыға түсті. Қыздардың білім алуына қойылған тыйым кесірінен, қоғамдық жүйе, адами капитал және келешектегі өсу перспективалары зардап шегуде. Гендерлік теңсіздік тек әйел құқықтарына ғана ықпал етпей етпей қоймай, экономикалық пен саяси тұрақтылық секілді алпауыт секторлаға да әсер етеді.

Ғылыми еңбектер арасында ауған әйелдерінің мәселесін талдайтын бірқатар зерттеулер болғанына қарамастан, «Талибан» екінші рет оралғаннан кейінгі кезеңді жан-жақты талдаулар жеткіліксіз. Еңбектердің басым бөлігі мәселелерді тек бір жақты қарастырады. Мысалы,

гуманитарлық дағдарыстар немесе жаһандық ұйымдардың қызметін ғана бағалайды. Демек, қазіргі жағдай тудыратын ауыртпалықтар мен мүмкіндіктерді әртарапты зерделеу өте мәнді.

Осы себепті жұмыстың өзектілігі – саяси тұрақсыздардан кейінгі гендерлік құқықтардың трансформациясы мен оның әлеуметтік-экономикалық салдарын және халықаралық қолдау тетіктерінің іске асуын кең ауқымды баға беру.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ауғанстандағы әйелдердің жағдайын талдау көптеген ғылыми, институционалдық дереккөздерге негізделген көп деңгейлі ғылыми әдіснамаларды қолдану арқылы жүзеге асырылды. Гендерлік саясат, құқықтану мен әлеуметтану бойынша отандық және халықаралық еңбектерден жұмыстың теориялық негізі құралады. Соның ішінде Scopus дерекқорында индекстелген ғылыми мақалалар қолданылды. Мақала бірнеше халықаралық ұйымдардың ресми есептері мен құжаттарын қамтиды. Олардың қатарына UN Women (Біріккен ұлттар ұйымының әйелдер құрылымы), UNAMA (Біріккен ұлттар ұйымының Ауғанстандағы көмек көрсету миссиясы), GCPEA (Білім беру нысандарын шабуылдардан қорғау жөніндегі жаһандық коалиция) және тағы басқа ұйымдардың әзірлеген баяндамаларды қолдана отырып, жергілікті әйелдерге қойылған талаптар сипаты мен дәрежесін айқындауға мүмкіндік болды. Бұған қоса, әлемде бар маңызды халықаралық, құқықтық актілер мен конвенцияларды негіз ретінде алып, оларды Ауғанстандағы шынайылықпен салыстырылды.

Шетелдік және отандық БАҚ ресурстары да жұмыс негізінде қолданысқа ие болды. Current Time, BBC секілді батыстық медиамен қатар қазақстандық Forbes Kazakhstan, Bureau.kz, Informburo.kz платформаларында шығарылған журналистік мақалалар, зерттеулер мен сұхбаттар қарастырылған болатын. Отандық дереккөздер жұмысты ерекше контекстте қарастыруға жол ашқандықтан қолданыста көп орын алды.

Мақала жазу барысындағы әдіс-тәсілдерге тоқталсақ, статистикалық пен мониторингтік құжаттарды саралау үшін контент-талдау тәсілі іске асырылған болатын. Бұған қоса салыстырмалы әдіс, тарихи әдістер де қолданысқа ие болды. Барлық әдістердің топтамасы зерттеу нысанын кешенді талдаумен қатар, мақала нәтижелерінің ғылыми негізділігіне кепілдік ретінде пайдасы тиген болатын.

Талқылау

Әйелдердің қоғамдық өмірден шеттетілуі Ауғанстандағы адами және әлеуметтік-экономикалық даму барысына әсер ететін ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Мысалы, адами капиталдың азаюы мен кедейліктің ғасырлар бойы жалғасуы. Осы пайда болған кемшіліктердің көбісінің себебі білім берудегі кедергілер деп айтуға болады. Бұл тұжырым (ЮНЕСКО, 2024) мемлекеттік емес ұйымдардың деректерімен сәйкес келеді. Бізде әзірге бар деректер білім берудегі шектеулердің психологиялық, мәдени және экономикалық салдарға алып келетініне дәлел болып отыр. Осыған байланысты, халықаралық ұйымдардың баяндамалары (UNAMA, 2025; GCPEA, 2025) шектеулердің әлеуметтік немесе қаржылық әсерлердің жалпы сипаттамасын берсе де, бұл мәселенің құрылымдық және ұзақ мерзімді қасиетіне көбірек назар аударуымыз маңызды.

Ғылыми әдебиеттерде бұл тақырып бойынша алуан түрлі зерттеу көзқарастары бар. Кейбір еңбектердің тақырыбы гуманитарлық дағдарыстар мен адам құқықтарының бұзылуы болса (Shoib et al., 2022; UN Women, 2025), басқалары психикалық денсаулық, білім беру мен қоғамдық оқшаулану бағыттарын қарастырған (Burrige et al., 2016; Schwartz et al., 2024; Keshavarzi et al., 2025). Алайда бұл зерттеулер көпшілігінде мәселенің институционалды ойына терең үңілмейді. Әсіресе, XXI ғ. басы мен 2021 ж. осы тұңғықты түсіну үшін аса маңызды. Статистикаларға сүйенсек, ол кезеңге «ілгерішіл» деген атау берілген (UN Women, 2025). Өйткені осы аралықта қыздардың білім алуына, әйелдердің жұмыс істеуіне, тіпті мемлекеттік қызметте болуға ешқандай тосқауыл болған жоқ.

Алайда көріп отырғандай, билік ауыса салып барлық бұрын соңды болған реформалар ішкі және сырттан тыс қолдау таппағандықтан, бір мезетте жойылып кетті. Яғни, гендерлік теңдік саласындағы болған жетістіктер сыртқы қаржыландыруға тәуелді болғаны анық. Қазіргі жағдайды ескере отырып біз іс жүзіндегі шектеулерді тек саяси таңдаулардың нәтижесі ғана емес, институционалдық басқару механизмі ретінде қарастыруымыз керек.

Ауған әйелдерінің құқықтары бойынша соңғы зерттеулерге сәйкес, орын алып жатқан дағдарыс гуманитарлық не болмаса жеке қиындық емес, саяси жүйелік аспект деп атағанымыз дұрыс болады. Мәселенің өтпелі сипатына қарағанда, құрылымдық қасиетіне байланысты, оны шешу үшін азаматтық субъективтілікті қайта қарастыру, құқықтық институттарды қалпына келтіру және гуманитарлық көмекті арттыру керектігі туындайды.

Және бұл тұрғыда психологиялық компонент аса маңызды. Жеке тәжірибе тұрғысынан әйелдердің азап шегуі туралы бұрынғы зерттеулерде жиі кездестіре аламыз (Schwartz et al., 2024; Keshavarzi et al., 2025). Зерттеуге сәйкес, қоғамда болып жатқан гендерлік теңсіздік психологиялық күйзелістердің негізгі себебі болып табылады. Әйелдердің жүріс-тұрысына қойылатын шектеулер, қаржылай бағыныштылық, қоғамдық кеңістіктердегі әйел затының дауысының болмауы – өзін-өзі тануға және адами әлеуетке ықпал етеді. Демек, уақыт өте келе, «гендерлік артқа шегіну» концепциясы қалыпты жағдай болып тұрақталу қауіпі өседі.

Егер біз осы мәселені басқа қырдан қарастырғымыз келсе, отандық ғылыми еңбектеге көз салғанымыз жөн. Әсіресе қазақ шығыстануының мұрасына ерекше көңіл бөлінуі керек. Сұлтан Акимбековтың «Ауғастан тарихы» атты тұғырлы кітабі Қазақстанның ауғантану мектебінің негізі десек те болады (Акимбеков, 2015). Сондай-ақ, зерттеу нәтижесі бұл тақырып қазақ қоғамында да қызу талқыланып жатқанын айқындайды. Мысал ретінде Bureau.kz тектес құқық қорғау топтарының шара қолдануы ауған әйелдерінің мүшкіл жағдайды көпшіліктің назарынан тыс қалмайтынын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері

Ауған әйелдері осы сәтте олардың әлеуметтік пен құқықтық жағдайларына ықпал ететін саяси және институционалдық процесстерден өтуде. Қазір орын алып отқан шектеулер мемлекеттегі нашар құқықтық құрылымдар мен азаматтық субъективтіліктің дамуының жеткіліксіздігін бейнелейді. Заңмен белгіленген стандарттардың орнына, идеология мен билік процесстері, бұл сценарийде қоғам мен үкімет арасындағы өзара әрекеттесуді басқарады (Амирбекова, 2025:286). Сол себепті дін саяси бақылау құралына айналып, әйелдерді бағындыру билікті сақтаудың бір жолы болып табылады. Ауған тарихында мұндай институционалдық әлсіздіктер бірнеше формаға ие болған. Бір кездері геосаяси қақсығыс алаңы болса, кейін жәй ғана әлсіз мемлекет, сосын радикалды ислам орталығы болып, ақыр соңында сырттан келген көмекпен өзін-өзі қайта құрып жатқан мемлекетке айналып отыр (Акимбеков, 2015:9). Мұндай үздіксіз трансформация жолағына 1978 ж. болған Сәуір революциясы түрткі болды. Әрине осындай үнемі орын алатын саяси төңкерістердің нәтижесінде, қандай да бір сауатты гендерлік саясат жайлы айту мүмкін емес.

1960-70 жж. әйелдердің қоғамдағы рөлін арттыруға тырысқан реформалар қабылданған еді. Олардың қатарына ЖОО-да оқу, денсаулық сақтау мен академиялық салаларда бөгетсіз жұмысқа орналасу сияқты өзгерістер кірген болатын. Соған қарамастан, бұндай процесстердің нықтылығы әдеттегідей әлсіз және саяси ауысулар кесірінен құбылмалы болып отырды. 1996 жылы талибтердің билік басына келгені осындай осалдықтарды ашып, жұмыс жасауға, үйден *махрамсыз* (әйелге жауапты туыс ер адам) шығуға тыйым салынды. Халықаралық ұйымдар «Талибанның» алғашқы басқару мерзімінде әйел құқықтарының нөлдік деңгейге төмендеуі мен қыздарға арналған мектептердің жаппай жабылуы гендерлік теңгерімсіздікті одан сайын күшейткенін хабарлайды. Бұл түйіткіл елдің әлеуетіне нұқсан келтіріп, ұзақ мерзімді эконмикалық және саяси прогреске кедергі келтіргенінің салдарын қазіргі таңдан-ақ көре аламыз.

Шетелдік қауымдастықтар көмегінің арқасында 2001 ж. жаңа реформлардың нәтижесінде әйелдер шеттетілген салалардың барлығы қайта жаңғырды. Тіпті әлемдік аренаға шыға алған әйел мамандар да болды. Ең жарқын мысал ретінде Норвегияда елші болған Шукрия Баракзайды айта аламыз.

Өкінішке орай, бұндайға ұқсас жетістіктер берік институционалды негізге ие болмағандықтан саяси ахуал кезінде түбегейлі жойылып кетті. Елшінің айтуынша, ештеңе де кездейсоқ емес және барлық дағдарыстар талибтердің әйелді қоғамнан шеттету пиғылының жүйелі жоспары болып табылады (www.currenttime.tv, 2023). Басты ой – ауған әйелдерінің тарихына көз жүгіртсек гендерлік теңдік дәрежесін жеке инновациялар емес, азаматтық институттардың күші анықтайды. Әйтпесе кез-келген жақсарулар қысқы мерзімді болумен шектелмей, керісінше артқа шегініп кету қауіпін тудырады.

Әйелдердің заңды мәртебесінің төмендеуіне байланысты қоғамдық өмірде аз репрезентацияланғандықтан, экономикалық, яғни қаржылай ерлерге тәуелділік ушықты. Жаңа гендерлік нормалар қоғамның негізгі құрылымын өзгерте қыздар мен әйелдердің күнделікті өмірінің барлық салаларына таралды. Көптеген ғалымдардың «институционалдық деңгейде гендерлік регрессияның тамыр жаюы» деп атайтыны бұл үрдісті жақсы сипаттайды.

Және осы дағдарыста салдардың сабақтастық өте көп. Әйелдердің жұмыс істей алмауы олардың үйдегі әкесінің немесе күйеуінің табысына деген тәуелділігін арттырады. Кейін жұмыссыз не білімсіз қалған әйелдер ерте тұрмыс құруға мәжбүр болып отыр. Күштеп некелесу кейстері де аз емес.

Халықаралық ұйымдардың соңғы есептеріне сәйкес, жалпы адам құқықтарының құлдырауы, елдегі әйелдердің маргиналдануымен бірге жүреді. Теледидарлық сауалнамаларда көрсетілгендей (*Gender Alert: Four Years of Taliban rule...*, 2025:4), қыздардың білім алуына тыйым салуды талқылайтын ұлттық деңгейдегі жаналықтардың пайызы 2024-ші жылы, үш ай ішінде 79%-дан 97%-ға дейін өсті. Бұл динамикада керсетілгендей, танылған ережелер қоғамда тез арада тұрақталып жатыр. Сол «тұрақталу» талиб үкіметі үшін аса тиімді, себебі бір жағынан қоғамды ретке келтірсе, екінші жағынан саяси жүйені берік ұстап қалады. Әлбетте қоғамдағы ахуалды жақсырақ түсіну үшін біз географиялық ерекшеліктерді ескеруіміз тиіс. Гендерлік өзгерістер 2001 жылдан 2021 жылға дейінгі өте прогрессивті дәуірде де біркелкі қолданылмады. Шектеулер мен ұстанымдар негізінен дәстүрлі құндылықтары берік ауылдық жерлерде сақталып қалған болатын. Соның өзінде, бұл айырмашылықтар 2021 ж. тамыз айында «Талибанның» билікке келуімен ұлттық қасиетті болды. Бұндай үрдісті тоқтату үшін жүйелі институционалдық реформалар мен шетелдік көмек қажет екені бәріне мәлім.

Дүниежүзілік ұйымдар әйелдерге орта мектептен бастап білім алуға тыйым салынғандықтан, 2,2 миллионнан астам қыздар жалпы білімнен айырылып қалды. ЮНЕСКО мәліметтері бойынша, егер қазіргі шектеулер сақталып қалса, бұл сан 2030 жылға қарай 4 миллионға жетуі мүмкін. Бүкіл мемлекет бойынша қыздар жоғары мектептері мен университеттері бірден жабылды. Әйелдерге қызмет керсету саласында, үкіметтік емес ұйымдарда жұмыс істеуге тыйым салынды. Ауғанстан қазір әйелдерге орта мектепті бітіруге тыйым салатын бірнеше елдің қатарына кіріп, соңғы 20 жылда пайда болған қолайлы өзгерістерді кері қайтарды (www.unesco.org, 2024). Шектеулер тек статистикалық деңгейде ғана емес, қарапайым адамдардың өміріне, тіпті қоғамның тұтастай бөлігіне кері ықпал етеді. Егер де қыздар мектепке бара алмаса, олардың, жас кезінде тұрмысқа шығу ықтималдылығы жоғарылап, кейін олардың мансаптық өсуіне ешқандай да мүмкіндік болмай кедейлік ұрпақтан-ұрпаққа беріле береді. Burridge N. есімді автордың мақаласында шектеулерге қарамастан жергілікті қыздар білім алуды, адамға су сияқты өмірдегі ең маңызды заттардың бірі ретінде бағалайтыны туралы айтылған болатын (Burridge, 2016:128-147). Сонымен қатар, шектеулер білім берудің ұйымдастырылуы мен мазмұнына да әсер етті. Әйел жазушылардың шығармаларын университет курстарынан алып тастау талап етіліп, ғылыми орталарда

олардың идеялары сирек талқылануда (informburo.kz, 2023). Осындай ахуал қазір цензураның жеке әрекеті ғана емес, білім беру ландшафтын қайта құруға бағытталған кең ауқымды идеология секілді. Жаңа гендерлік нормалар технологиялық теңсіздіктің нашарлауына да айтарлықтай үлес қосады. Әйелдер цифрлық инфрақұрылымның нашарлауы мен интернетке қолжетімділіктің шектелуіне байланысты ақпараттық саладан одан сайын алшақтап кетті. Өз кезегінде бұл адамның жаһандық әлеммен байланыс жойдыра отырып білім алу, керек уақытта көмек сұрау бойынша мүмкіндіктерді болдырмайды (Nabizada, 2024:41-52). Әйелдердің психикалық денсаулығы да болып жатқан процестердің кесірінен зардап шегуде. «Women in Afghanistan: a call for action» мақаласына сәйкес, қоғамдық салаларда әйелдердің жүйелі түрде шеттетілуі «институционалдық қирау» болып табылады. Сауалнама ауған әйелдерінің 47%-ы (алдыны кезеңмен салыстырғанда екі есе кеп), 2021 ж. кейін депрессия, мазасыздық және ұзақ мерзімді стресс белгілерінен қиналғандарын анықтады (Shoib, 2022:342). Оқшаулану және психологиялық қысым әйелдердің экономикалық және әлеуметтік мүмкіндіктерді пайдалануына кедергі келтіруші қос фактор деп атап кетсек те болады.

Заңнан да бұл шектеулердің институционалдық табиғатын көре аламыз. 2024 ж. тамыз айында «Талибан» қозғалысы 35 баптан тұратын жаңа қоғамдық реттеу актісін бекіткен болатын. Заңнама әйелдердің күнделікті өмірде қалай әрекет ету ережелері жазылған 13-баптан тұрады. Соған сәйкес әйелдерге қоғамдық орындарда сөйлеуге, ән айтуға немесе өзіне артық назар аудартуға тыйым салынған. Әйел дауысы тіпті үй сыртынан шықпауы керек. Сондықтан, Ауғанстандағы гендерлік теңсіздік білім берудің, ақпаратқа қол жетімділіктің, психологиялық қысым мен заңды шектеулердің өзара сабақтастығымен институционалдандырылған және қалыптасқан.

Әйелдер көпшілік алдында көрінбесе бұл олардың өздерін қалай қабылдайтынына және өз әлеуметтік міндеттеріне қалай қарайтынына ықпал етеді. Ауған журналисті Лиза Карими «Current Time» басылымымен әңгімесінде қазіргі жағдайды «дауысы жоқ қоғам» деп атайды. Ол көптеген әйелдер күн сайын «Мен кімін?» немесе «Неге дауысым үшін жазалануым керек?» тектес сұрақтарды қоятыныны айтады. Психолог Роха К. ахуалдың психикалық денсаулыққа деген әсеріне назар аударып, әйелдердің өзіндік бағалау, адами қатынас сияқты салаларында қиындықтар пайда болып оның өзіне қол жұмсау кейстеріне алып келуін ескертіп отыр. Ауылдық жерлердегі құқықтық білімнің төмен деңгейімен қатар әйелдердің ерлерге толық қанды бағыныштылығының қалыптасқан норма мәселені одан сайын ушықтырады (www.currenttime.tv, 2023). Психологиялық қысым да жүйелік сипатқа ие, яғни ол қоғамға еніп тек жеке тұлғаларға ғана тән емес.

Биік өкшелі аяқ киімге тыйым салудың бір себебі ер адамдардың санасында «күнәлі» сезімді оятудан сақтандыру. Әйелдерге далалда қатты сөйлеуге, балқондар мен ашық терезелерде көпшілік алдына көрінбегені жөн деген ереже де бар. Мәлімет бойынша, ашық түсті киім кию де «әдепсіздіктің» белгісі ретінде қарастырылады және осындай ережелерді бұзу, көпшілік алдында қамшылау не түрмеге қамау сияқты қатал жазаларға әкелуі мүмкін (mk-kz.kz, 2021). Осылайша бақылау тек физикалық белсенділікті ғана емес, сонымен қатар өзін таныту көріністерін де қамтиды. Бірақ шектеулерге қарамастан әлі де берілмеген адамдар да бар. Азаматтық қоғам арасында әртүрлі әйелдер топтары мен белсенділері қарсылықты жалғастыруда. Құқық қорғаушы Хода Хамоштың айтуынша, бұл саясат әйелдерді қоғамның шетінде қалдыруға мажбүрлеу әрекеті болып табылады және белсенділердің дауыстарын өшіру мүмкін емес екенін атап өтеді. Белсендінің болжауынша қысымға қарсы әрекет уақыт өткен сайын күшейе тусіп, бұл күресте тек әйелдермен ғана шектелмей ерлер де белсенді қатысады. Үлгі ретінде, Хасан Мостафа Аманиды айтсақ болады. Ол гендерлік шектеулерді ашық түрде сынға алады (www.currenttime.tv, 2023). Және ғылыми зерттеуге сәйкес, бұл оқиғалардың күшті психологиялық негізі бар. Сарапшылар айтуынша, жас ауған әйелдерінің басынан кешіргендері сенімсізділіктің, мазасыздықтың, келешекке деген қорқыныш сезімінің болуымен ерекшеленеді. Әйел әлеуметтік рөлінің төмендеуі нәтижесінде психологиялық

тұрақсыздықты күшейтті. Тағы біз қаржылық, шектеулер мен психологиялық әл-ауқат арасындағы себеп-салдық байланысты көре аламыз. Әйелдер табыс жоғалтқанда олардың санасындағы кайғы-қасірет деңгейінің үш есеге көбейетіні анықталған болатын (Schwartz, 2024:1-7). Оның әсері физикалық денсаулық тұрғысынан да сезіледі.

2025 ж. қарай Ауғанстандағы гендерлік бастамалар қалай жүзеге асқанын нақты нәтижелер арқылы көруімізге болады. Гератта әйелдерге қоғамдық орындарға баруға да қатаң тыйым салынды. «*Изгілікті насихаттау және жамандықтан тыю*» («*عن والنهي بالمعروف الأمر والمنکر*») министірлігінің инспекторлары халықтың ережелерді бұзбауын үздіксіз бақылайды. Тіпті чадор, бурка сияқты киім үлгілерін сақтауын, базарлар мен қоғамдық көліктермен жүрмеуін де қадағалайды. Ауғанстандағы адам құқықтарының жағдайы туралы есепте егер әйелдер дукендерге, медициналық, орталықтарға немесе басқа қызмет керсету жерлеріне махрамсыз барса, оларға ешқандай қызмет көрсетілмеуі керек екені нақты айтылған. Осы жағдайлар гендерлік нормалардың іс жүзінде қолданылуын көрсетеді. UNAMA 2025 есептері бұл тәжірибелерді қорытындылап, гендерлік шектеулердің заңды шектеулерден асып түсіп, толығымен орналасқанын айқындап отыр (Human Rights Situation in Afghanistan..., 2025:2-4).

Қауіпсіздік мәселесі мен құрылымдық апаттар арасында тығыз байланыс бар. 2025 ж. GCPEA есебінде білім беру жүйесінің күйреуі мен мекемелеріне шабуылдардың жиеленуі және әйелдердің түрлі зорлық-зомбылыққа бейімделуге мәжбүрлігі туралы фактілер келтірілген. 2022 ж. 30-шы қыркүйегінде Кабулдағы Дашт-е-Барчи ауданындағы «Каај» орталығында болған жарылыс соның атақты көрінісі болып табылады. Құрбан болғандардың көпшілігі хазар қыздары болған. Орталықта 54 адам қаза тауып, 114 адам жарақат алды (Invisible Crimes, Lost Classrooms..., 2025:4). Бұндай оқиғалардан кейін, қыздар бойында пайда болатын қорқынш сезімі үкіметке қарсы шығуға мүмкіндік бермейтіні артық сөзсіз түсінікті. Тіпті отбасылардың ішінде де гендерлік нормалар өз әсерін етеді. Тұрмыстық зорлықтың артуы мен әйелдердің экономикалық және құқықтық тауелділігінің арасында корреляция бар. Dadras жүргізген зерттеуге сүйенсек, 15 пен 49 жас аралығындағы ауған әйелдерінің жартысы, жақын қарым-қатынастағы зорлық-зомбылықтың құрбаны болған (Dadras, 2023:2). Бұл әйелдер мен балалардың денсаулығына, өсуі мен дамуына әсер ететіндіктен, оны ұрпақтан-ұрпаққа тарайтын гендерлік мәселе ретінде мойындағанымыз жөн.

Жаңашыл саяси және құқықтық ұстанымдар халықаралық қауымдастықтың Ауғанстанның гендерлік саясатына деген реакциясын анықтады. Әлемдік қауымдастықты әйелдер құқықтарының жүйелі түрде қысымға ұшырауы алаңдатқанымен, әр үкіметтердің жауаптары олардың сыртқы саясат мақсаттарына байланысты өзгеше. Батыс елдерінің бірқатары бұл мәселеге қатаң моральдік пен заңнамалық талаптар қойып отыр. Францияның сыртқы істер министірлігі «Талибан» билікке келгеннен кейін енгізілген шектеулерге қарсы шығып, әйел студенттердің білім алуына тыйым салуды «ақталмайды» деп сипаттады. Сонымен бірге Франция БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2593-шы резолюциясына сілтеме жасай отырып, әйелдер мен қыздарға қатысты саясат өзгермейінше дипломатиялық қарым-қатынастарды қалыпқа келтіру мүмкін емес екенін мәлімдеді (www.diplomatie.gouv.fr, 2024).

Алайда, бірнеше ел жағдайға шынайы көзқараспен қарауда. Қазақстан «Талибан» тыйым салынған ұйымдар тізімінен алып тастауды жөн көрді. Бұл шешім халықаралық құқыққа сәйке болғанына карамастан қоғамдағы пікірлер екіге бөлінді. Шенеуніктер бұл кадамның себебі ретінде коммерциялық және дипломатиялық қатынастарды орнату қажеттілігін атағанымен, сарапшылар мен құқық қорғаушылар мұны адамның бас бостандығы мәселесіне қайшы деп санайды (forbes.kz, 2024). Қазақстанның сыртқы саясатында үлкен мәселені кейбір дәлелдер көрсетеді. Бір жағынан мемлекетіміз өзін адам құқықтары мен халықаралық құқықтың одақтасы ретінде көрсеткен жағдайдын өзінде, аймақтық тұрақтылықты сақтау, шығыс елдерімен байланыс орнату мен прагматикалық мүдделерді қорғау үшін бұл көзқарастарды нақты саяси тандауларда қайта қарастыруды қажет етеді (El Gendy, 2024:69).

Осы тұрғыда азаматтық қоғамның қызметі де маңызды. Қазақстанның халықаралық адам құқықтары және заңдылық бюросы мен оның серіктес ұйымдары 2025 жылдың, 25-ші қарашасында Қазақстан үкіметіне ауған әйелдерін депортацияламауға шақырып, өтініш білдірді. «Талибан» билігі кезінде әйелдер бастан кешіретін көптеген қысымдардың қатарында мәжбүрлі неке мен өлім қаупі барын еске түсірген болатын. Өтініште босқындар мен азаптауға қатысты шарттар мен конвенцияларды сақтау қажеттілігі тағы да атап өтілді (bureau.kz, 2024). Ресей болса 2025 ж. шілдесінде үкіметтің ресми мойындауына алғашқы қол қойған ел болды. Алайда, әлі күнге дейін аз ғана елдер осы идеяға ілесті. Бұл жағдай халықаралық ережелер мен адам құқықтарына негізделген геосаяси және прагматикалық мақсаттар мен көзқарастардың қалай бірге өмір сүретінін бейнелеп отыр (www.reuters.com, 2025).

Қорытынды

Ауғанстандағы гендерлік саясат 2021 жылдан кейін жаңа кезеңге өтті. Зерттеу нәтижесінде оқшауланған оқиғалардың жиынтығы немесе өтпелі сән емес, саяси басқару жүйесі қазір әйелдер құқықтарын институционалдандырып, үнемі шектейтіні анықталды. Қоғамның әлеуметтік құрылымын қайта құруға бағытталған институционалдық процестер әйелдердің қоғамдық, экономикалық және мәдени салалардағы орнын жүйелі түрде шектеуге әкелетін қорытындыларды көрсетеді. Бұл гендерлік саясаттың реттеуші және мемлекетті әлеуметтік бақылау құралы ретінде қызмет етуіне әкелген болатын. Мақала нәтижелері әйелдердің құқықтық мәртебесін төмендету процесінде көптеген өзара байланысты механизмдер жұмыс істейтінін көрсетеді. Білім беру мекемелеріне түсушілердің аздығына байланысты әйелдердің әлеуметтік және кәсіби болашағы қатты қиындап, экономикалық тәуелділігі мен шешім қабылдаудағы автономиясы олардың жұмыс күшінен жүйелі түрде шеттетілуімен күшейеді. Бұл элементтер бірге жұмыс істеген кезде, олар ұлттың жоғары сапалы адами капиталды өндіру қабілетіне нұқсан келтіреді және оның ұзақ мерзімді экономикалық және әлеуметтік прогресін тежейді.

Гендерлік нормалардың психологиялық және әлеуметтік әсерін әйелдер күнделікті тәжірибелерінде терең сезінеді. Мазасыздық, сенімсіздік, болашаққа деген пессимизм және жалғыздықтың кең таралған эмоциялар екенін айтқандай. Экономикалық тәуелділік пен әлеуметтік оқшаулану ұзақ мерзімді психологиялық стрессті тудыра отырып, тұрмыстық зорлық-зомбылық артып келгенімен бірге қарапайым әйелдер мен қыздардың өмірін қиындата түсуде. Кейіннен гендерлік дағдарыстың әсері әйелдердің өміріне ғана емес балалардың физикалық және психикалық денсаулығы мен әлеуметтік бейімделу қабілетіне де ықпал етуінің куәгері болды. Елге деген қатынастардың жер шарындағы әр елде әртүрлі болуы да таңғажайып емес. Себебі кез-келген жағдайда халықтар өз мүддесін бірінші орынға қояды.

Ауған әйелдерінің жағдайына деген көзқарастың таза гуманитарлық немесе құқықтық мәселеден өзара байланысты институционалдық, әлеуметтік, экономикалық, психологиялық және құқықтық аспектілерді қамтитын көп қырлы құрылымдық апатқа ауысуы зерттеудің ғылыми жаңалығы болып табылады. Осы бағытты ұстану арқылы біз саяси жүйенің ішкі жұмысына көз сала аламыз, бұл өз кезегінде гендерлік теңсіздіктің сыртқы белгілерін анықтайды. Сонымен қатар талдау 2021 ж. кейін гендерлік регрессияның қалай жүйелі болғанын және әртүрлі көзқарастар мен тәсілдерді біріктіру арқылы қоғамның барлық деңгейіне қалай таралғанын көрсетеді. Ауғанстандағы әйелдердің жалпы жағдайы елдің болашақ өсу траекториясын анықтайтын стратегиялық детерминант деңгейіне тез көтерілуде. Әйелдердің құқықтарын қалпына келтіруіне білім беру мекемелерін қайта құру, нарықтағы қатысуды арттыру, құқықтық институттарды нығайту мен мемлекеттік басқаруды реформалау қажет. Бұл мақсатқа жету үшін гуманитарлық қолдаумен бірге ұзақ мерзімді күш-жігер керек болады. Елдегі тұрақтылықты қайтару үшін бірнеше емес ондаған, тіпті жүздеген жылдар

керегі мәлім. Алайда келешекте ахуал қандай траекториямен жүретіні әрине ешкімге мәлім емес.

Әдебиеттер:

Акимбеков, 2015 – *Акимбеков С.* История Афганистана. Алматы: Институт азиатских исследований, 2015. 848 с.

Амирбекова, 2025 – *Амирбекова С.К., Байдаров Е.У.* События «Арабской весны» в освещении исследователей ближневосточных стран (на основе книги Маджида Каяли «Великий раскол: тяжёлое положение политики, идеологии и власти в испытаниях «Арабской весны») // *Казахстанское востоковедение.* 2025. Т. 14. № 2. С. 283–293

Burridge, 2016 – *Burridge N., Payne A.M., Rahmani N.* ‘Education is as important for me as water is to sustaining life’: perspectives on the higher education of women in Afghanistan // *Gender and Education.* 2016. Vol. 28. No. 1. P. 128–147.

bureau.kz, 2024 – Обращение о защите жизни афганских женщин // *Bureau.kz.* [Электронды ресурс]. URL: https://bureau.kz/novosti/zayavleniya_i_obrasheniya/obrashhenie-o-zashhite-zhizni-afganskih-zhenshhin/ (қаралған күні: 19.12.2025).

Dadras, 2023 – *Dadras O., Hazratzai M., Dadras F.* Intimate Partner Violence and Children Under 5 Morbidities and Mortality in Afghanistan: Findings From a National Survey // *Journal of Interpersonal Violence.* 2023. Vol. 38. Issues 17–18. P. 10105–10126.

El Gendy, 2024 – *Mohamed El Shahat El Gendy.* The basis of activating relations between Kazakhstan and the world of the East // *Kazakhstan Oriental Studies.* 2024. Vol. 9. Issue 1. P. 69–75.

forbes.kz, 2024 – Казахстан исключил «Талибан» из списка запрещённых организаций // *Forbes.kz.* [Электронды ресурс]. URL: https://forbes.kz/articles/kazahstan_isklyuchit_taliban_iz_spiska_zapreshennyih_organizatsiy (қаралған күні: 18.12.2025).

Gender Alert..., 2025 – Gender Alert: Four years of Taliban rule: Afghan women resist as restrictions tighten. UN Women, 2025. 12 p. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.unwomen.org/en/digital-library/publications/2025/08/gender-alert-four-years-of-taliban-rule-afghan-women-resist-as-restrictions-tighten> (қаралған күні: 12.12.2025).

Human Rights Situation..., 2025 – Human Rights Situation in Afghanistan: April–June 2025 Update. UNAMA, 2025. 11 p. [Электронды ресурс]. URL: https://unama.unmissions.org/sites/default/files/english_unama_hrs_update_on_human_rights_in_afghanistan_april-june_2025_final.pdf (қаралған күні: 12.12.2025).

Invisible Crimes..., 2025 – Invisible Crimes, Lost Classrooms: Addressing Under-Reporting and Impunity in Attacks on Girls’ Education. GCPEA, 2025. 20 p. [Электронды ресурс]. URL: <https://protectingeducation.org/publication/invisible-crimes-lost-classrooms/> (қаралған күні: 12.12.2025).

informburo.kz, 2023 – Афганистан запретил в университетах книги, написанные женщинами // *Informburo.kz.* [Электронды ресурс]. URL: <https://informburo.kz/amp/novosti/afganistan-zapretil-v-universitetax-knigi-napisannye-zenshhinami> (қаралған күні: 15.12.2025).

Keshavarzi, 2025 – *Keshavarzi S., Becker J.C., Ruhani A., Ebrahimi F.* Responses to the rapid reactionary social change: A social-psychological investigation of young Afghan women’s experiences during the Second-Taliban era // *International Journal of Intercultural Relations.* 2025. Vol. 108. Article 102250.

mk-kz.kz, 2021 – Женщины Афганистана ещё пытаются бороться за свои права // *МК-KZ.* [Электронды ресурс]. URL: <https://mk-kz.kz/amp/politics/2021/08/25/zhenshhiny-afganistana-eshhe-pytayutsya-borotsya-svoi-prava.html> (қаралған күні: 15.12.2025).

Nabizada, 2024 – Nabizada S., Quraishi T., Sadat R., Kirmani A., Hashemi Z., Haidari N., Faramarz N. Transforming Afghanistan: Enhancing Technology Access to Overcome Gender Discrimination // *APLIKATIF: Journal of Research Trends in Social Sciences and Humanities*. 2024. Vol. 3. No. 1. P. 41–52.

Reuters, 2025 – Russia becomes first country to recognise Taliban government in Afghanistan // *Reuters*. 3 July 2025. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.reuters.com/world/asia-pacific/russia-becomes-first-country-recognise-taliban-government-afghanistan-2025-07-03/> (қаралған күні: 05.01.2026).

Shoib, 2022 – Shoib S., Saeed F., Dazhamyar A.R., Armiya’u A.Y., Badawy M.M., Shah J. Women in Afghanistan: a call for action // *The Lancet Psychiatry*. 2022. Vol. 9. Issue 5. P. 342–343.

Schwartz, 2024 – Schwartz L., Hassanpoor Z., Lane H., Klapheke E. Economic constraints and gendered rules: Understanding women’s perspectives of how government-imposed restrictions impact women’s mental health and social wellbeing across Afghanistan // *SSM – Mental Health*. 2024. Vol. 6. Article 100327.

www.currenttime.tv, 2023 – Как живут женщины Афганистана // *Настоящее Время*. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.currenttime.tv/amp/kak-zhivut-zhenshity-afganistana/33116290.html> (қаралған күні: 14.12.2025).

www.diplomatie.gouv.fr, 2024 – Афганистан: заявление официального представителя Министерства Европы и иностранных дел Франции // *diplomatie.gouv.fr*. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.diplomatie.gouv.fr/ru/dossiers-pays/afghanistan/evenements/article/afganistan-zayavlenie-oficial-nogo-predstavatelya-ministerstva-evropy-i> (қаралған күні: 20.12.2025).

www.unesco.org, 2024 – ЮНЕСКО предоставляет слово афганским девочкам и женщинам и призывает восстановить их права // *UNESCO*. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.unesco.org/ru/articles/yunesko-predostavlyaet-slovo-afganskim-devochkam-i-zhenschinam-i-prizyvaet-vosstanovit-ikh-prava> (қаралған күні: 13.12.2025).

References:

Akimbekov, 2015 – Akimbekov S. *Istoriya Afganistana*. Almaty: Institut aziatskikh issledovaniy, 2015. 848 p. (in Rus)

Amirbekova, 2025 – Amirbekova S.K., Baydarov E.U. Sobytiya «Arabskoy vesny» v osveshchenii issledovateley blizhnevostochnykh stran (na osnove knigi Madzhida Kayali «Velikiy raskol: tyazheloye polozheniye politiki, ideologii i vlasti v ispytaniyakh “Arabskoy vesny”») // *Kazakhstan Oriental Studies*. 2025. Vol. 14. No. 2. P. 283–293. (in Rus)

Burridge, 2016 – Burridge N., Payne A.M., Rahmani N. ‘Education is as important for me as water is to sustaining life’: Perspectives on the higher education of women in Afghanistan // *Gender and Education*. 2016. Vol. 28. No. 1. P. 128–147.

bureau.kz, 2024 – Obrashcheniye o zashchite zhizni afganskikh zhenshchin // *bureau.kz*. [Electronic resource]. URL: https://bureau.kz/novosti/zayavleniya_i_obrasheniya/obrashhenie-o-zashchite-zhizni-afganskikh-zhenshhin/ (Accessed: 19.12.2025). (in Rus)

Dadras, 2023 – Dadras O., Hazratzai M., Dadras F. Intimate partner violence and children under 5 morbidities and mortality in Afghanistan: Findings from a national survey // *Journal of Interpersonal Violence*. 2023. Vol. 38. Issues 17–18. P. 10105–10126.

El Gendy, 2024 – El Gendy M.E.S. The basis of activating relations between Kazakhstan and the world of the East // *Kazakhstan Oriental Studies*. 2024. Vol. 9. No. 1. P. 69–75.

forbes.kz, 2024 – Kazakhstan isklyuchil «Taliban» iz spiska zapreshchennykh organizatsiy // *forbes.kz*. [Electronic resource]. URL: <https://forbes.kz/articles/kazahstan-isklyuchit-taliban-iz-spiska-zapreshchennykh-organizatsiy> (Accessed: 18.12.2025). (in Rus)

Gender Alert..., 2025 – Gender Alert: Four years of Taliban rule: Afghan women resist as restrictions tighten. UN Women. 2025. 12 p. [Electronic resource]. URL: <https://www.unwomen.org/en/digital-library/publications/2025/08/gender-alert-four-years-of-taliban-rule-afghan-women-resist-as-restrictions-tighten> (Accessed: 12.12.2025).

Human Rights Situation..., 2025 – Human Rights Situation in Afghanistan: April–June 2025 Update. UNAMA. 2025. 11 p. [Electronic resource]. URL: https://unama.unmissions.org/sites/default/files/english_-_unama_hrs_update_on_human_rights_in_afghanistan_april-june_2025_final.pdf (Accessed: 12.12.2025).

Invisible Crimes..., 2025 – Invisible Crimes, Lost Classrooms: Addressing Under-Reporting and Impunity in Attacks on Girls' Education. GCPEA. 2025. 20 p. [Electronic resource]. URL: <https://protectingeducation.org/publication/invisible-crimes-lost-classrooms/> (Accessed: 12.12.2025).

informburo.kz, 2023 – Afganistan zapretil v universitetakh knigi, napisannyye zhenshchinami // informburo.kz. [Electronic resource]. URL: <https://informburo.kz/amp/novosti/afganistan-zapretil-v-universitetax-knigi-napisannyye-zenshchinami> (Accessed: 15.12.2025). (in Rus)

Keshavarzi, 2025 – *Keshavarzi S., Becker J.C., Ruhani A., Ebrahimi F.* Responses to the rapid reactionary social change: A social-psychological investigation of young Afghan women's experiences during the Second-Taliban era // *International Journal of Intercultural Relations*. 2025. Vol. 108. Article 102250.

mk-kz.kz, 2021 – Zhenshchiny Afganistana eshche pytayutsya borot'sya za svoi prava // mk-kz.kz. [Electronic resource]. URL: <https://mk-kz.kz/amp/politics/2021/08/25/zhenshchiny-afganistana-eshche-pytayutsya-borotsya-svoi-prava.html> (Accessed: 15.12.2025). (in Rus)

Nabizada, 2024 – *Nabizada S., Quraishi T., Sadat R., Kirmani A., Hashemi Z., Haidari N., Faramarz N.* Transforming Afghanistan: Enhancing technology access to overcome gender discrimination // *APLIKATIF: Journal of Research Trends in Social Sciences and Humanities*. 2024. Vol. 3. No. 1. P. 41–52.

Reuters, 2025 – Russia becomes first country to recognise Taliban government in Afghanistan // *reuters.com*. 3 July 2025. [Electronic resource]. URL: <https://www.reuters.com/world/asia-pacific/russia-becomes-first-country-recognise-taliban-government-afghanistan-2025-07-03/> (Accessed: 05.01.2026).

Shoib, 2022 – *Shoib S., Saeed F., Dazhamyar A.R., Armiya'u A.Y., Badawy M.M., Shah J.* Women in Afghanistan: a call for action // *The Lancet Psychiatry*. 2022. Vol. 9. Issue 5. P. 342–343.

Schwartz, 2024 – *Schwartz L., Hassanpoor Z., Lane H., Klapheke E.* Economic constraints and gendered rules: Understanding women's perspectives of how government-imposed restrictions impact women's mental health and social wellbeing across Afghanistan // *SSM – Mental Health*. 2024. Vol. 6. Article 100327.

www.currenttime.tv, 2023 – Kak zhivut zhenshchiny Afganistana // *www.currenttime.tv*. [Electronic resource]. URL: <https://www.currenttime.tv/amp/kak-zhivut-zhenshchiny-afganistana/33116290.html> (Accessed: 14.12.2025). (in Rus)

www.diplomatie.gouv.fr, 2024 – Afganistan: zayavleniye ofitsial'nogo predstavatelya Ministerstva Evropy i inostrannykh del Frantsii // *www.diplomatie.gouv.fr*. [Electronic resource]. URL: <https://www.diplomatie.gouv.fr/ru/dossiers-pays/afghanistan/evenements/article/afganistan-zayavlenie-oficial-nogo-predstavatelya-ministerstva-evropy-i> (Accessed: 20.12.2025). (in Rus)

www.unesco.org, 2024 – YUNESKO predostavlyayet slovo afganskim devochkam i zhenshchinam i prizyvayet vosstanovit' ikh prava // *www.unesco.org*. [Electronic resource]. URL: <https://www.unesco.org/ru/articles/yunesko-predostavlyayet-slovo-afganskim-devochkam-i-zhenshchinam-i-prizyvayet-vosstanovit-ikh-prava> (Accessed: 13.12.2025). (in Rus)

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
E-mail: anelya.orazbek.2003.ma@gmail.com, samaltu@mail.ru

ЖЕНЩИНЫ АФГАНИСТАНА НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ: ВЫЗОВЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Аннотация. Целью статьи является дать всесторонний анализ многогранных преобразований, затронувших положение женщин в Афганистане после возвращения талибов к власти в 2021 году, и последующих изменений. Случай афганских женщин, являющийся наиболее актуальным и уникальным примером среди стран Ближнего Востока, требует рассмотрения с совершенно новых, беспрецедентных ракурсов. Выявить изменения в гендерных институтах Афганистана, определить и проанализировать их влияние на общество и перспективы будущего развития, а также определить и проанализировать эффективность международной помощи. Научная значимость исследования заключается не только в рассмотрении вопроса о положении местных женщин как гендерной политики, но и в предоставлении всестороннего анализа взаимосвязанных областей права, психологии и социологии. Научная новизна статьи заключается в анализе режима талибов как механизма управления регрессом гендерных прав афганских женщин на институциональном уровне на современном этапе. Для этого в исследовании анализируются трудности и ограничения в повседневной жизни женщин, их роль в обществе, доступ к системам здравоохранения и образования, а также их место на рынке труда. В исследовании использованы историко-сравнительный анализ, контент-анализ отчетов международных организаций. Результаты работы показывают, что гендерное угнетение афганских женщин приводит к экономической зависимости, социальной изоляции и глубокой долгосрочной психологической травме. В заключение статья подчеркивает прямую связь между рассмотрением женских вопросов в Афганистане и перспективами развития государства. А также важную роль в этом играет помощь местного населения и неправительственных организаций.

Ключевые слова: права человека, Афганистан, женщины, социальные ограничения, гендерная политика, гуманитарный кризис, международная поддержка

¹ Orazbek A.N., ^{2*} Tuleubaeva S.A.

^{1,2}L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
E-mail: anelya.orazbek.2003.ma@gmail.com, samaltu@mail.ru

WOMEN OF AFGHANISTAN TODAY: CHALLENGES AND PROSPECTS

Abstract. With the restoration of the Taliban to power in 2021 and the ensuing developments, the condition of women in Afghanistan has undergone complex alterations, and this essay aims to provide a complete study of these changes. The topic has to be approached from completely different perspectives since the situation of Afghan women is the most pertinent and distinctive among Middle Eastern nations. This study aims to document gender institutional changes in Afghanistan, then examine how these shifts have affected Afghan society and the country's potential for future growth. In addition to determining and assessing the efficacy of foreign aid. The research is important from a scholarly standpoint because it offers a thorough examination of the interrelated domains of sociology, psychology, and law, and because it takes into account the problem of local women as a gender policy. Examining the Taliban rule as a means of controlling the institutional regress of Afghan women's gender rights at the present time is the article's original contribution to science. In order to do this, the research examines the limitations and challenges faced by women in several aspects of their life,

including their social roles, healthcare, education, and the workplace. Content analysis of reports from international organisations, as well as historical and comparative analytics, were used in the study. Economic reliance, social isolation, and profound, long-term psychological suffering are outcomes of gender discrimination, according to the study's findings. The paper concludes by stressing the significance of local and non-governmental organisations' (NGOs') support in addressing women's concerns in Afghanistan and how this relates to the state's growth possibilities.

Keywords: humanitarian crises, gender policy, women, societal limitations, Afghanistan, and human rights.

Авторлар туралы мәлімет:

Оразбек Анель Нұрланқызы – магистрант, халықаралық қатынастар факультеті, шығыстану кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Тулеубаева Самал Абаевна – филология ғылымдарының докторы, доцент, шығыстану кафедрасы профессорының м.а., халықаралық қатынастар факультеті, шығыстану кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Информация об авторах:

Оразбек Анель Нұрланқызы – магистрант, факультет международных отношений, кафедра востоковедения, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Тулеубаева Самал Абаевна – доктор филологических наук, доцент, и.о. профессора кафедры востоковедения, факультет международных отношений, кафедра востоковедения, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Information about authors:

Orazbek Anel Nurlankyzy – Master's student, Faculty of International Relations, Department of Oriental Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Tuleubayeva Samal Abaevna – Doctor of Philology, Associate Professor, Acting Professor of the Department of Oriental Studies, Faculty of International Relations, Department of Oriental Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

*Келін түсті 10 наурыз 2026 жыл
Қабылданды 20 мамыр 2026 жыл*